



## Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 14 қараша N 3219. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.03.31. N 104 жарлығымен.~U990104

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қантардағы N 2823 Z962823\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Жезқазған облысының аймағында 2007 жылға дейінгі кезеңге

Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы құрылсын.

2. Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы туралы Ереже (қос беріліп отыр) бекітілсін.

3. Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік кеңесіне таратылатын Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын Әкімшілік кеңесінің мүлігі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1996 жылғы 14 қарашадағы  
N 3219 Жарлығымен  
Бекітілген

Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы туралы  
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы арнай экономикалық аймақтар

"туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қантардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығы талаптарының негізінде өзірленді. Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағының аумағында шаруашылық қызметін жүзеге асырудың құқықтық және экономикалық негіздерін. Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағын Әкімшілік кеңесінің өкілеттігін айқындауды, оның аумағында тіркелген және (немесе) қызмет атқаратын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарға, сондай-ақ жеке кәсіпкерлерге қолданылады.

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі Жәйрем-Атасу АЭА) Жезқазған облысында орналасқан, оған алаңы 959 ш.км. - Қаражал қаласының, 686 ш.км. - Жәйрем поселкесінің, 1 ш.км. Шалғы поселкесінің аумағы, сондай-ақ Жезқазқан облысының алаңы 11016 ш.км. босалқы жерлері кірдеі. Жәйрем-Атасу АЭА-ның жалпы алаңы 12662 ш.км құрайды.

Жәйрем-Атасу АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

### 2. Жәйрем-Атасу АЭА:

аумағында табиғат ресурстарын ұтымды кешенді игеру негізінде аймақты жеделдете дамыту;

инвестицияларды тарту және шаруашылық жүргізуудің осы заманғы әдістерін, озық технологияларды пайдалану;

кәсіпкерлік қызметті жандандыру;

экспортқа бағдарланған тиімділігі жоғары өндірістер құру;

өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру;

Жәйрем-Атасу АЭА мен Қазақстан Республикасының экономикасын әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне жоспарлы түрде енгізу, сондай-ақ әлеуметтік даму проблемаларын шешу мақсатында құрылды.

3. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында ерекше құқықтық режим 2007 жылға дейінгі кезеңге белгіленеді. Құқықтық режимнің ерекшеліктері Жәйрем-Атасу АЭА-ның қаржы қорын қалыптастыруға, оның аумағында айрықша салықтық және кедендейтік реттеуді белгілеуге саяды.

Жәйрем-Атасу АЭА-ның аумағы шекараларының өзгеруін қоса алғанда, оның құқықтық режимі өзгерген немесе ол мерзімінен бұрын таратылған жағдайда, оның аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуі субъектілерге Жәйрем-Атасу АЭА-ның құрылған мерзімі біткеншे, бірақ он жылдан аспайтын уақытқа инвестицияларды салу сәтіне сай келетін шарттармен осындағы қызметті жалғастыру құқығына кепілдік беріледі. Бұл мерзім АЭА-ның құқықтық режимінің күші жойылған немесе өзгертилген күннен

бастап есептеледі.

4. Қазақстан Республикасы Жәйрем-Атасу АӘА аумағында іс-қимыл жасаушы Қазақстан Республикасының азаматтары мен шет ел азаматтарының, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен занды мұдделерін сақтауға кепілдік береді.

## II. ЖӘЙРЕМ-АТАСУ АӘА-НЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

5. Жәйрем-Атасу АӘА-да басқару функциясын Әкімшілік кеңес жүзеге асырады. Кеңесті республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың, оның аумағында тіркелген және (немесе) қызмет атқаратын занды тұлғалардың өкілдерінен оның төрағасы құрады.

Әкімшілік кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының, республиканың өзге де зандарының және осы Ереженің негізінде іс-қимыл жасайды.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Ережедегіден өзгеше тәртіп белгіленген болса, онда халықаралық шарттың тәртібі қолданылады.

Жәйрем-Атасу АӘА-ның әкімшілік кеңесі занды тұлға болып табылады.

6. Әкімшілік кеңестің төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

7. Жәйрем-Атасу АӘА Әкімшілік кеңесінің төрағасы:

Әкімшілік кеңесті басқарады, оның жұмысына басшылық етеді;

Жәйрем-Атасу АӘА-ның басқару құрылымы мен схемасына сәйкес Әкімшілік кеңестің штатын және оның құрылымдық бөлімшелерін қалыптастырады;

Әкімшілік кеңестің шешімдеріне қол қояды, өкімдер шығарады;

мемлекеттік органдармен, меншік нысанына қарамастан ұйымдармен, соның ішінде шет ел ұйымдарымен, әрі жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынаста Әкімшілік кеңестің атынан іс-қимыл жасайды;

Әкімшілік кеңестің мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етеді;

Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де міндеттерді атқарады.

## III. ӘКІМШІЛІК КЕҢЕСТІҢ ӨКІЛЕТТИКТЕРИ

8. Жәйрем-Атасу АӘА-ның Әкімшілік кеңесі:

мемлекеттік органдарда, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан

ұйымдармен және жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынаста Жәйрем-Атасу АЭА-ның мұдделерін білдіреді;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның даму бағдарламасын өзірлейді және оны жүзеге асырады;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның басқару құрылымы мен схемасын айқындайды;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның қаржы қорын қалыптастырады, осы қор қаражатын пайдалану бағытын айқындайды;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның дамуы және оны құргандағы мақсатқа жету үшін отандық және шетелдік инвестициялар мен кредит қаражатын тартуды жүзеге асырады; Жәйрем-Атасу АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асыруши шаруашылық жүргізуши субъектілердің мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын реттеуге жәрдемдеседі;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның мұддесі үшін қажетті ғылыми зерттеулер жүргізуге жағдай жасайды;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның құқықтық режимін өзгерту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

өз құзыретінің шегінде Жәйрем-Атасу АЭА-ның жұмысын реттейтін нормативтік актілер өзірлеп, шығарады, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

аймақтан тысқары жерлерде Жәйрем-Атасу АЭА-ның Әкімшілік кеңесінің өкілдіктері мен филиалдарын ашу туралы шешімдер қабылдайды;

жерді пайдалану, Жәйрем-Атасу АЭА-ның аумағында орналасқан үйлер мен ғимараттарды жалдау, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен пайдалану мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды;

занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әрі Жәйрем-Атасу АЭА-ның аумағына келу және оның аумағынан кету жөнінде рұқсат беру функцияларын атқаратын органдардың қызметі үшін қажетті жағдайлар жасайды ;

Жәйрем-Атасу АЭА-ның аумағында өз қызметін жүзеге асыруши шаруашылық жүргізуши субъектілерге есептік тіркеу жүргізеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жәйрем-Атасу АЭА Әкімшілік кеңесінің шешімдері оның аумағында барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

#### IV. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ҚЫЗМЕТТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

9. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында жер қатынастарын реттеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Әкімшілік кеңестің

іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін, коммерциялық мақсаттарда кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру үшін жер участекерін беруге құқығы бар.

Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің, сонымен бірге шетел инвесторларының Жәйрем-Атасу АЭА аумағында табиғат ресурстарын іздеу, барлау және пайдалану құқығын алуға қол жеткізуіне бірдей кепілдік беріледі.

10. Пайдалы қазбалардың кең орындарын игеруге және минералды шикізат өндіруге байланысты Жәйрем-Атасу АЭА аумағындағы шаруашылық қызмет "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады.

Жәйрем-Атасу АЭА аумағындағы өнеркәсіптің түрлі өндіруші салаларында өз қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың төлемдері мен салықтары оның қаржы қорына түседі.

11. Заңды және жеке тұлғалардың жобалық және құрылыш қызметі, сондай-ақ құрылыш өнімінің сапасына сәулетшілік-құрылыш бақылауын жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Әкімшілік кеңесі Жер қойнауын пайдаланушылар уәкілді мемлекеттік органдармен Жәйрем-Атасу АЭА аумағында жер қойнауын пайдалану құқығына лицензиялар беруге және контрактілер жасасуға байланысты мәселелерді шешу үшін жүргізетін келіссөздерге қатысады.

13. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында шаруашылық қызмет мемлекеттік экологиялық сараптамадан онды қорытынды алған жобаларға немесе ресурстық негізdemelerге және солардың негізінде құзыретті органдардың табиғатты арнайы пайдалануға берген рұқсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер жер қойнауын, жерді, атмосфералық ауаны, суды және айналадағы табиғаты ортаны басқа да объектілерін қорғау жөніндегі нормалары мен тәртібін, зиянды заттардың, радиацияның, тербелістің, шудың және басқалардың жол берілген шекті деңгейін белгілейтін Қазақстан Республикасының заң және басқа нормативтік құқық актілерін сақтауға міндетті.

Жәйрем-Атасу АЭА-ның әкімшілік кеңесі белгіленген тәртіпке сәйкес табиғатты арнайы пайдалануды ұйымдастырады.

## V. ЖӘЙРЕМ-АТАСУ АЭА-НЫҢ АУМАҒЫНДА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ

14. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында құрылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік

тіркеу, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## VI. ЖӘЙРЕМ-АТАСУ АЭА-НЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ-КРЕДИТТИК ТЕТИКТЕРІ

15. Шетелдік инвестициялардың кез келген нысандары мен соларға байланысты Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен тыйым салынбаған қызмет, Жәйрем-Атасу АЭА аумағында осындай кездерде Қазақстан Республикасының жеке немесе занды тұлғаларына берілетіннен кем түспейтін қолайлыш жағдайда жүзеге асырылады.

Жәйрем-Атасу АЭА аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде тіркелген шаруашылық жүргізуші, соның ішінде шетелдік субъектілер Жәйрем-Атасу АЭА аумағында инвестициялық қызметті бірлесіп те, сондай-ақ дербес те жүзеге асыра алады. Шетелдік инвестиациялар Қазақстан Республикасының заңдарында осындай инвестиациялар үшін тыйым салынбаған кез келген объектілерге және қызмет түрлеріне салынуы мүмкін.

Әкімшілік кеңес Жәйрем-Атасу АЭА аумағында Қазақстан Республикасының заңдарында шетелдік инвестиациялар үшін белгіленген құқықтық режимнің жүзеге асырылуына жәрдемдеседі, инвесторлармен халықаралық құқықтық акт шеңберінде ынтымақтастық жасайды.

16. Жәйрем-Атасу АЭА-ның Әкімшілік кеңесі өзінің қаржы-бюджет және кредит-ақша саясатын дербес айқындауды, Қазақстан Республикасының қарыздары бойынша жауап бермейді.

17. Жәйрем-Атасу АЭА қаржы қорының кірісіне қолданылып жүрген заңдарда көзделген арнайы қорларға жасалатын төлемдерден басқа, Жәйрем-Атасу АЭА аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген занды және жеке тұлғалар төлейтін жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар, алымдар мен басқа да міндетті төлемдер есептеледі.

Әкімшілік кеңес қаржы қоры қаражатының тенгермелі қалыптасуы мен пайдаланылуы үшін жауап береді, түскен кірістер шегінде республикалық бюджетте бекітілетін нормалар бойынша шығыстарды жүзеге асырады.

18. Жәйрем-Атасу АЭА қаржы қорының Жезқазған облысының бюджетімен өзара қарым-қатынасы оның 2007 жылға дейінгі кезеңге арналған даму бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ететін Жәйрем-Атасу АЭА-ның қаржы қорына келіп түскен қаражаттың жалпы сомасынан жасалатын аударымдардың ұзақ мерзімді тұрақты нормативтері арқылы айқындалады. 1997 жылға - 10%, 1998 жылға - 20%, 1999 жылға - 30% және 2000 жылға - 40% мөлшерінде аударымдар жасау нормативтері белгіленеді.

Жәйрем-Атасу АЭА-ның қызмет ету мерзімінің кейінгі жылдарына жасалатын аударымдар нормативтері Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгіленеді.

Нормативтер Жәйрем-Атасу АЭА-ның өткен жылғы қызметінің қорытындылары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

Жоғары тұрған бюджетке аударымдар ай сайын, есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 10-нан кешіктірілмей жасалады.

19. Жәйрем-Атасу АЭА Әкімшілік кеңесі нысаналы қаржы қорларын, соның ішінде Жәйрем-Атасу АЭА экономикалық және даму қорын, халықты әлеуметтік қорғау қорын құрып, сондай-ақ оларды қаржы қорының бос қаражатының, аударымдар мен салықтық сипаты жоқ алымдардың есебінен жасақтау көздерін айқындай алады.

Жәйрем-Атасу АЭА қаржы қорлары, сондай-ақ зайдардың, қаржы кредиттерінің, азаматтар мен ұйымдардың ерікті жарналары, саудаластықтар мен езге де коммерциялық іс-шаралар өткізу, Қазақстан Республикасының заңдары мен Әкімшілік кеңесі жасасқан шаруашылық шарттарын бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар сомасы жалдау төлемдері мен басқа да түсімдердің есебінен толықтырыла алады.

Жәйрем-Атасу АЭА нысаналы қаржы қорларының қаражаты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бюджеттен тыс шоттарда жинақталады. Нысаналы қаржы қорларының қаражатына иелік етуші Жәйрем-Атасу АЭА Әкімшілік кеңесінің төрағасы болып табылады.

20. Жәйрем-Атасу АЭА экономикалық және әлеуметтік даму қорының қаражаты Жәйрем-Атасу АЭА-ның даму бағдарламасында көзделген іс-шараларды қаржыландыруға; халық тұтынатын тауарларды өндіру жөніндегі қуаттарды құру мен кеңейтуге және халыққа қызмет көрсетуге; кадрларды даярлауға және Жәйрем-Атасу АЭА-ның жұмыс істеуі мен дамуына байланысты басқа да мақсаттарға жұмсалады.

21. Жәйрем-Атасу АЭА аумағындағы банк қызметі Қазақстан Республикасының банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Жәйрем-Атасу АЭА ішкірыногында негізінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы айналыста болады. Шетел валютасын пайдалану Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

## VII. САЛЫҚ САЛУ

23. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында Қазақстан Республикасының бірыңғай

салық жүйесіне кіретін салық қызметі жұмыс істейді.

Жәйрем-Атасу АЭА аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Арнайы экономикалық аймақ аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық салудың жеңілдікті режимі қолданылады.

### VIII. КЕДЕН РЕЖИМІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

25. Жәйрем-Атасу АЭА аумағы Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тұрған аумақ ретінде қаралады, онда еркін кеден аймағы режимі жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының кеден органдарының Жәйрем-Атасу АЭА аумағында кеден бақылауын жүзеге асыруы үшін Жәйрем-Атасу кедені жұмыс істейді.

Жәйрем-Атасу кеденінің қызметі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" және "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарымен, осы Ережемен, сондай-ақ Жәйрем-Атасу кедені туралы ережемен реттеледі. Жәйрем-Атасу кеденінің қызметі Жәйрем-Атасу АЭА қаржы қорының қаражатынан қаржыландырылады.

26. Жәйрем-Атасу АЭА аумағына әкелінетін жабдықтар, шикізат, материалдар, сондай-ақ өндірістік операцияларды орындауға қажетті басқа да тауарлар кеден ісі жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен кеден бажы мен салықтарын алудан және экономикалық саясат шараларын қолданудан босатылады.

27. Толығымен Жәйрем-Атасу АЭА аумағында өндірілген немесе Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті түрде өнделген тауарлар оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау кезінде кеден бажы мен экономикалық саясат шараларын қолданудан босатылады.

28. Тауарлар Жәйрем-Атасу АЭА аумағынан Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкетілген кезде және тауарлар Жәйрем-Атасу АЭА аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетілген кезінде кеден бажы мен салық алынады және тауарлардың шығу тегіне қарай экономикалық саясат шаралары қолданылады.

Тауарлар Жәйрем-Атасу АЭА аумағынан Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген кезде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің тауарларынан, белгіленген нысандағы тауардың шығу тегі туралы сертификаты

бар болса, сондай-ақ толығымен Жәйрем-Атасу АӘА аумағында өндірілген немесе Қазақстан Республикасының кеден ісі жөніндегі зандарымен белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті түрде өнделген тауарлардан кеден бажы алышыбайды.

29. Жәйрем-Атасу АӘА аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттауға арналған тауарларды экспорттау режиміне сәйкес кедендей ғана ресімдеу кеден ісі жөніндегі нормативтік актілерде белгіленген тәртіппен кеден бажы мен салық алышыбай және экономикалық саясат шаралары қолданылмай жүзеге асырылады.

30. Жәйрем-Атасу АӘА-ның аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттауға жататын тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайтарылған кезде немесе белгіленген мерзім ішінде іс жүзінде экспорт жасалмаған жағдайда кеден бажы мен салық, сондай-ақ олардан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми проценттік ставкасы бойынша процент төленеді.

31. Қазақстан Республикасының кеден ісі жөніндегі зандарында, сондай-ақ осы Ережемен белгіленген тәртіпті бұзы Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауапкершілік шаралары қолдануға әкеп соғады.

## IX. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

32. Әкімшілік кеңесі Жәйрем-Атасу АӘА-ның рыногындағы ахуалды ескере отырып, Әкімшілік Кеңесі белгілеген басым тәртіппен өз кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін жергілікті еңбек ресурстарын тартып және оларды оқытуға әрі қайта мамандандыруға қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін көтермелейді.

Жәйрем-Атасу АӘА-на жұмыс күшінің келуін Әкімшілік кеңесі жаңындағы жұмысқа орналастыру жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының жалпы көші-қон саясатына сәйкес реттеп отырады.

33. Жәйрем-Атасу АӘА кәсіпорындарындағы жалдау мен жұмыстан босатуды, еңбек ету және демалыс режимін, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдер мәселелерін қоса алғандағы еңбек қатынастары ұжымдық шарттармен (келісімдермен) және жеке еңбек шарттарымен (контрактілермен) реттеледі. Ұжымдық және жеке шарттардың талаптары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарында көзделген талаптармен салыстырғанда, Жәйрем-Атасу АӘА аумағында тіркелген және жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің жағдайын нашарлатпауға тиіс.

34. Еңбекке ақы төлеудің шарты мен мөлшерін, сондай-ақ қызметкерлердің басқа да табыстарының түрлерін шаруашылық жүргізуші субъектілер өз

қаражатының есебінен дербес белгілейді.

Жәйрем-Атасу АЭА аумағында жұмыс істейтін кәсіпорындардың жұмыскерлері - шетел азаматтарының еңбегіне ақы төлеу, демалыс беру және зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және тиісті контрактілер негізінде жүзеге асырылады.

## X. АЗАМАТТАРДЫҢ ЖӘЙРЕМ-АТАСУ АЭА-да БОЛУ ТӘРТІБІ

35. Жәйрем-Атасу АЭА аумағында Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысуши болып табылатын халықаралық келісімдермен белгіленген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың әрі олардың көлік құралдарының келуі, кетуі, транзиті мен жүріп-тұру тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде жұмыс істейді.

Жәйрем-Атасу АЭА аумағында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келуін, кетуін, транзитін және жүріп-тұруын ресімдеу жөніндегі функцияларды орындау үшін орталық атқарушы органдар тиісті мемлекеттік органдардың жекелеген бөлімшелерін құрады.

36. Жәйрем-Атасу АЭА-да тіркелген заңды тұлғалардың шетел азаматтарын шақыру және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өз қызметкерлерін шет елдерге іссапарға жіберу жөнінде дербес шешім қабылдауға құқығы бар.

## XI. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

37. Жәйрем-Атасу АЭА өзі арнап құрылған мерзім біткен соң таратылады.

Жәйрем-Атасу АЭА таратылған кезде оның Әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президентіне өзінің қызметі туралы есеп, ал орынды болған жағдайда арнайы экономикалық аймақтың мәртебесін қосымша мерзімге ұзарту жөнінде негізделген өтініш жолдайды.

38. Жәйрем-Атасу АЭА-ның жұмыс істеу мерзімі біткеннен кейін Әкімшілік кеңесінің төрағасы оның таратылуы жөнінде заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне Жәйрем-Атасу АЭА таратылуу процесінде екендігі туралы мәліметтерді енгізу үшін Әкімшілік кеңесті мемлекеттік тіркеуді жүргізген әділет органына жазбаша түрде хабарлайды.

Осымен бір мезетте Әкімшілік кеңесінің төрағасы жергілікті және орталық баспа органдарында Жәйрем-Атасу АЭА таратылуы, оның Әкімшілік кеңесі кредиторларының талаптар қою тәртібі мен мерзімі туралы жарияланым

жасайды.

Жәйрем-Атасу АӘА-ның таратылуы заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін аяқталған болып саналады. Жәйрем-Атасу АӘА-ның таратылуы оның жұмыс істеу мерзімі біткен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

39. Қазақстан Республикасының Президенті Жәйрем-Атасу АӘА-ын мерзімінен бұрын тарату жөнінде шешім қабылдаған жағдайда тарату рәсімі осы Ереженің 38-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

40. Осы Ережемен белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК